

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

2. Лосев А.Ф. Пир. Учение о пределе// Платон. Собрание сочинений в 4 т. Т. 2/Общ. ред. А. Ф. Лосева, В. Ф. Асмуса, А. А. Тахо-Годи; Примеч. А. Ф. Лосева и А. А. Тахо-Годи; Пер. с древнегреч. – М.: Мысль, 1993. С. 434-441; Апресян Р.Г. Идеальная композиция диалога «Пир» и платоновская философия любви// Культура и искусство, № 4(22). 2014, С. 393-407. DOI: 10.7256/2222-1956.2014.4.12637; Мартишина Н. И. Аргументационные практики в «Пире» Платона// Гуманитарные исследования. – № 2 (15), 2017. URL: <file:///C:/Users/damet/Downloads/argumentatsionnye-praktiki-v-pire-platona.pdf> (дата обращения 20.03.2024)

3. Лосев А.Ф. Преамбула к диалогу «Пир»// Платон. Собрание сочинений в 4 т. Т. 2/Общ. ред. А. Ф. Лосева, В. Ф. Асмуса, А. А. Тахо-Годи; Примеч. А. Ф. Лосева и А. А. Тахо-Годи; Пер. с древнегреч. - М.: Мысль, 1993, 528 с.

УДК 316.7, 316.733, 316.723

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИА ЖӘНЕ СТЕРЕОТИП: ТАНЫМАЛ ПЛАТФОРМАЛАРДЫҢ ЖАСТАР МӘДЕНИЕТІНЕ ӘСЕРІ

Замирбек кызы Малика

zamirbekovam402@gmail.com

Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті «6B03104-Мәдениеттану» білім беру
бағдарламасының студенті
Ғылыми жетекші – К.Ермагамбетова

Әлеуметтік медиа коммуникацияның, ақпарат алмасудың және өзін-өзі көрсетудің маңызды құралына айналып отыр. Олар біздің қарым-қатынасымызды ғана емес, әлемді қабылдауымызды да қалыптастыра отырып, қазіргі өмірдің ажырамас бөлігіне айналды. Қарым-қатынастың коммуникативті формаларының өзгеруі оның мазмұнына айтарлықтай әсер етеді, атап айтқанда, жастардың мінез-құлық стандарттары мен менталитетіне күрделі әсер етуде. Олар біздің жетістіктеріміз бен армандарымызды ғана емес, сонымен қатар біз қандай болуымыз керек, нені жақсы көруіміз керек және қалай көрінетініміз туралы идеяларды қалыптастыратын айна сияқты. Дегенмен, жарқыраған сүзгілер мен мазмұнның кең тараған ағынының артында жастар мәдениетіне күтпеген күшпен әсер ететін терең мәселелер жатыр.

Олардың біріншісі – стереотиптер мен сұлулық идеалдарын күшейту. Әлеуметтік платформалар жастарға осы идеалдарға сәйкес келуге қысым жасай отырып, сыртқы келбет стандарттарын үнемі қолданады, бұл кешендерге, өзін-өзі бағалаудың төмендігіне және тіпті психологиялық бұзылуларға әкелуі мүмкін.

Екінші мәселе шектеулі көкжиек пен тар дүниелік көзқарастардың қалыптасуында жатыр. Қатысуды барынша арттыруға бағытталған мазмұнды біріктіру алгоритмдері жаңғырық камераларын жасайды, мұнда пайдаланушылар тек өз көзқарастарымен бөлісетіндермен қоршалады. Бұл өз нанымдарын растауды күшейтуге, балама көзқарастарды елемуге және тексерілмеген фактілерді растауға әкеледі.

Үшіншіден, бүкіл әлемде жастар арасында психикалық денсаулық проблемалары артып келеді.

Қазіргі таңда ғаламтор желісінің дамуы еліміздің болашағына қауіп төндіруде. Себебі ғаламтор біздің жастарымызға есепсіз қауіптер төндіріп келеді, әсіресе әлеуметтік желілер жаңа қалыптасып келе жатқан жастарымызды өз заңдарымен билеп келуде. Ол жаңаша ойлауды қалыптастырды, бірақ ондай “жаңаша ойлау” біздің ұлттық құндылықтарымызға қаншалықты сәйкес келеді деп сұрақ қою керекпіз. Әлеуметтік желінің қалыптастырып келе жатқан жаңаша ойлауы жастарымыздың регресс процессіне алып келді. Басқаша айтқанда, ғаламдық ақпараттық жүйе ретінде Интернет киберкеңістікті, ерекше шындықты қалыптастырып, өзіндік тұжырымдамалары, құндылықтары, ойлау тәсілі мен тілі бар

кибермәдениетті дүниеге әкелді. Бұл нысанда Интернет бүгінгі таңда заманауи ақпараттық қоғамды қалыптастырудың негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады. Әлеуметтік желілердің жастарға ықпалының екіұштылығы бұл мәселені зерттеуге қызығушылық тудырады.

Әрине ғаламтор өмірімізді біршама жеңілдетті, ақпаратты алу жеңілдігі, аудио-видеоматериалдарға қолжетімділік, әлемнің кез келген нүктесімен байланыс сынды пайдалы жақтары болғанымен, бір жақты мақтай берген иллюзиямен өмір сүрмейік. Бұндай артықшылықтарын тек ойы қалыптасқан ересек адамдар түсіне алады, ал енді қалыптасу процессінде жүрген, ақ пен қараны толық ажырата алмайтын жас ұрпағымыз ғаламтор ұсынған барлық ақпаратты жұтуда, соның әсерінен пайдасынан гөрі зиянын көбірек алудамыз.

Ғаламтор, гаджеттердің әсері жайлы зерттеулер әлемдік ғылыми кеңістікте көп кездеседі. Бірақ біздің бүгінгі талдау Андрей Курпатовтың [1] еңбектеріне негізделеді. Андрей Курпатов - неврология және адам мінез-құлқы зертханасының ғылыми директор, Жоғары әдістеме мектебінің президенті. Андрей Курпатов нейрофизиологияның, әлеуметтік психологияның, когнитивтік ғылымның және сананың қазіргі философиясының тоғысқан жерінде өмір сүретін «ойлау әдістемесі» атты жаңа ғылыми-философиялық бағытты құрған маман. Әлеуметтік желілердің эволюциясы, яғни қалай біз том томдық кітаптарды оқитын адамдардан бір 15 секундтық тик-ток желісіндегі бейнажазбаларға көштік? Біздің миымыз энергияны көп пайдаланатын орган, ол тамақтан тұтынатын энергияның 20% тұтынады. Бірақ ми дене салмағының тек 2% құрайды. Сондықтан қиынырақ және жеңілірек тапсырмалардың бірін таңдау керек болғанда, ми міндетті түрде оңайырақты таңдайды, өйткені бұл үнемді. Мазмұнды тұтыну неғұрлым жеңіл болса, ләззатқа деген сұраныс соғұрлым жоғары болады. Тік Ток-тың эпикалық жетістігі, бұл сөздің барлық мағынасында гениалды өнім, қызықты суреттер, жылдам сюжет, көңілді музыка. Гаджеттерді ұзақ уақыт пайдалану цифрлық деменцияға алып келеді. Тик-токтың басқа платформалардан айырмашылығы оның шебер түрде жасалған алгоритмдері, «сіз үшін» деген бөлімнің нақты адамдарға жазылуды қажет етпейтін және сізді қандай контент қызықтырғанын тез уақыт ішінде түсініп алады, тиісінше сізге тек сондай контент ұсынғаны, зейініңізді жаулайды [2]. Аурулардың халықаралық классификациясы (ICD) денсаулық сақтаудың жаһандық статистикасы мен тенденцияларын анықтау үшін негізді қамтамасыз етеді және аурулар мен денсаулық проблемалары туралы есеп берудің халықаралық стандарты болып табылады. Оны дүние жүзіндегі дәрігерлер ауруларды диагностикалау үшін, ал зерттеушілер ауруларды жіктеу үшін пайдаланады [3]. 2018 жылдың маусымында «компьютерлік ойындарға тәуелділік» 2022 жылдың 1 қаңтарында күшіне енуі жоспарланған аурулардың халықаралық классификациясының (ICD-11) 11-ші тізіміне енгізілген. Құжатта түсіндірілгендей, ойын тәуелділігі- бұл ойға бақылаудың нашарлауымен сипатталатын цифрлық немесе бейне ойындарды ойнау кезіндегі мінез-құлық үлгісі, ойынға басқа қызығушылықтар мен күнделікті әрекеттерден басымдық береді. Мұндай бұзылыс, егер мінез-құлық үлгісі жеке, отбасылық, әлеуметтік және басқа салаларда бұзылуларды тудырса және кем дегенде 12 ай бойы байқалса, диагноз қоюға болады. [4]. Бұл мақаладан біз гаджеттерге тәуелділік жаһандық мәселеге айналып, жаңа диагноз түріне айналғанын көре аламыз. Қытай елінде бұндай диагноз қойылып, оны емдейтін ауруханалар ашылған [5]. Ал бұл гаджеттер, әлеуметтік желілер қазақстандық жастар мәдениетіне қалай әсер етіп, қандай қауіптер төндіріп жатқанына тоқталайық.

Ең алдымен ғаламтор иллюзиялық өмірді көрсетуде «біз жоқ жердің бәрі әдемі» демекші, экранның ішіндегі адамдардың өмірі әрқашан да өзінікінен бақыттырақ, сәттірек, әдемірек. Бұл кейде мотивация, бірақ көбінесе демотивация болып әсер етеді, өзін басқалармен салыстыру, өзінің өмірін құнсыздардыру, депрессивті жағдай, көңіл күй құбылмалдығылы жастар арасында ең танымал күйлер. Жоғары цифрлік пайдалануды түсіндіретін негізгі факторлар: жеке тәуелділік және жұмыс, мектеп, әлеуметтік желілер және жеке тұлғаның жеке ұмтылысынан туындайтын жетістіктер мен қолжетімділікке деген талаптар болды. Ұялы телефонды қатты пайдаланудың салдары психикалық шамадан тыс жүктеме, ұйқының бұзылуы, еркіндіктің жоқтығы, рөлдік қақтығыстар және барлық

қоңыраулар мен хабарламаларға жауап бере алмау салдарынан кінәлі сезімдерді тудыруда. Нашақорлық немесе тәуелділік электромагниттік өрістердің әсерінен болуы мүмкін деген қауіптер алаңдаушылық туғызады. Сонымен қатар адамдар арасында фантомды вибрация синдромы да өз орнын ойып алуда. Фантомдық вибрация синдромы немесе фантомдық қоңырау синдромы - бұл адам ұялы телефоны шырылдап жатыр немесе дірілдеп жатыр деп сенетін алаңдаушылық жағдайы. Беверли-Хиллз психологы Девил Лареми 2007 жылы жарияланған диссертациясында адамдардың шамамен үштен екісі телефондары жоқ дыбыстарды немесе тербелістерді үнемі еститінін жазады.[6] 2010 жылы Ротберг және басқалары жүргізген академиялық медициналық орталықтың медициналық қызметкерлерін көлденең зерттеудің мақсаты «сипаттау» болды. 169 қатысушының 68 пайызы ұялы телефонды пайдаланушылардың кейде ұялы телефонының дірілдеген сезімін сезінетінін айтты, тіпті телефон шын мәнінде дірілдеп тұрмаса немесе тіпті алып жүрмесе де. Сауалнамаға респонденттердің 13 пайызы кем дегенде күніне бір рет фантомдық ұялы телефон дірілін сезінгенін хабарлады. Кеуде қалтасындағы ұялы телефон белдік қыстырғышқа қарағанда фантомдық тербелістерді жасауы ықтимал.[7]

Әлеуметтік желілердің қалыптастырған бір стереотипі – «ақпарат шектен асқан әлемдегі жеткіліксіздік» [8]. Қазіргі таңда жастардан ешкім асқан шеберлікті, энциклопедист болуды талап етпейді, соның өзінде жастар арасында әлі дайын емеспін, тағы кішкене уақыт керек, тағы кішкене оқиын, кішкене өсейін сосын бастаймын деген сылтаулармен «кейінге қалдырылған өмір» [9] синдромымен өмір сүреді. Малкольм Кладуэлл айтқандай, «бір істің асқан шебері болу үшін 10.000 сағат жаттығу керек» [10] осы тұжырымды күтіп жүргендей, ал ондай 10.000 сағаты жоқ болғандықтан, тиісінше мүлде бастамай ақ қояйын дегендей жүреді. Әдемі сылтау, солай емес пе? Сонымен қатар қазіргі заман бұл ақпарат заманы, бірақ шынында ақпараттың мөлшері біз қабылдай алатын мөлшерден бірнеше есе көбірек болғандықтан, ақпараттың көптігі әрі мүмкіндіктердің көптігі адамның ойларын шатастырады. Ол артынша «белгісіздікке» алып келеді. Мамандықтардың тым көптігі, насихатталатын ақпараттың тым көптігі, қарапайым мағынасыз контенттің көптігі жастардың өзін табуға мүмкіндік бермей, сол ағынмен ғана жүзе беруге алып келіп жатыр. Жастар арасында «мен кім боламын, анау сондай күшті, мынау мамандық күшті сияқты» т.с.с. ойлар депрессивті күйге және әрекетсіздікке алып келіп жатыр. Енді бірі мүлде әрекет етпейді, әлеуметтік желідегілердің өмірі табысты, екіншісі болса, бәрінің басын шұқып, ешбір жұмыстан нақты шыға алмауы. «инстаграм», «тик-ток» желісіндегі адамдардың жетістігін қайталаймын деп, оңай көреді, оның артында қанша еңбек бар екенін ойлана қоймас. Содан бастаған ісің соңына дейін жеткізе алмайды, себебі оның біршама еңбекті талап ететінін ойланбады. Бір істің соңына дейін жеткізе алмау, зейін жоқтығы бұл да желілердің әсерінен.

Келесі бір стереотип өзегі – СДВГ, яғни «зейін және гипербелсенділік жетіспеу синдромы (синдром дефицита внимания и гиперактивности)» [11]. Бұндай синдромның салдарына импульсивтілік, ойланбай сөйлеу, бастаған істі аяқтау өте қиын, себебі фокус дефицит, көңіл күйдің құбылмалу болуы, бір атқарып жатқан іске фокус орнату қиындыққа соғады. Симптомдарына қарасан бәрімізде осы синдром бар сынды көрінеді, мүмкін бар да шығар немесе пайда болды. Әлеуметтік желіде не себепті ұзақ бейнелер тренд болмайды, көп қаралым жинамайды? Себебі сұраныс сондай, адамдар бір нәрсеге ұзақ қызығушылық таныта алмайды. Адамның зейінінің орташа ұзақтығы 8,25 секунд. Назар аудару ұзақтығы 2 секундтан 20 минутқа дейін болуы мүмкін. 2000 жылдан 2015 жылға дейін адамның зейінінің орташа ұзақтығы шамамен 25%-ға қысқарды. Адамдардың зейіні алтын балыққа қарағанда қысқа (9 секунд) [12]. Біз бұны тағы «клиптік ойлау» деп атаймыз, клиптік ойлау тенденциясы көптеген сфераларға әсерін беруде. Сериал, кинолардың адаптациясы, қазіргі таңда 2-3 сағаттық кинодан гөрі 1-1,5 сағатта бітетін киноларға сұраныс әрі қызығушылық көбірек. Өзіміздің «Salem entertainment» орталығы қазіргі таңда қатты танымал, сериалдары Азия ішінде өзіндік орнын ойып алуда. Бұл олардың аудиторияны тереңінен талдауынан шыққан еңбек деп білеміз. Біріншіден халық ішінде маңызды орын алып жатқан тақырыптардың қозғалуы әрі ұзақ емес, қысқа да нұсқа жеткізуінде. Сериалдардың орташа ұзақтығы 25-40

минут шамасы. Бұл біздің жастардың «клиптік ойлау» тенденциясы дөп түскені. Келесі әлеуметтік желілердің адаптациясы, «тик-ток» немесе «инстаграм» желілері де сұранысқа қарай өзгеруде, алғашқыда ол 1 мин немесе 30 секундтық видеолармен басталса, қазір 15 секундтің өзі жеткілікті болып келеді. Осы есеппен 1 сағатта сіз математикалық тұрғыдан санасақ 240-қа жуық бейне қарап үлгересіз, ол тиісінше 240-қа түрлі эмоция сезінесіз, жоғарыда айтылып кеткендей, құбылмалы көңіл-күй қайдан келеді деген сұрақтың жауабын да таптық десек артық болмас. Бірақ ең қиыны ол – кітаптардың адаптациясы. Кітаптар жылдан жылға қысқарып барады, орташа көлемі. 200-300 бет арасы, себебі одан артық біз де оқи алмаймыз, 600-700 бет оқитын зейін жоқ. Кітаптар сонымен қатар бұл кітаптар терең мағыналы құндылықтарға толы деп айта алмаспыз, қазіргі көптеген кітаптардың айтары бірнеше ғана тақырып аясында, үлкен шрифтпен жазылған және жарты бетінде суреттермен безендірілген. Ал терең мағыналы, ұзақ көлемді, ғылыми немесе әдеби кітаптарды оқуға турасын айтқанда физикалық шамамыз жетпейді, жарты мәнін түсіне алмаспыз әрі аяқтауымыз екіталай. Андрей Курпатов айтқандай: «Гутенбергтің дәуірінен, Цукенбергтің дәуіріне өттік» [13].

Ендігі бір қалыптасып жатқан әрі біздің болашаққа әсері тым ауыр ол білім-иллюзиясы. Қолымызда әрқашан кез-келген ақпаратты тауып беретін, есептеп беретін, кез-келген сұрақтың жауабын білетін гаджет тұрғаннан кейін білімді оқу қажеттілігінің азайған иллюзияны қалыптастырды. Кейбірі өзін бәрін білемін деп санаса, себебі әрқашан қасында гаджет бар әрі оны өз біліміндей көреді. Енді біреулері мүлде жаттау, оқуды қажет етпейді, қосымаша мәлімет қарау, пайдалы ақпарат іздеу ойына кіріп шықпас. ХХІ ғасырда жоғарғы оқу орындарында тым жиі кездесетін жағдай, сабақты телефоннан қарап оқып айту. Ондай білім ертең қаншалықты сапалы болмақ? Оқытушы алдында айттым да құтылдым, есіктен шыққан сәттен ұмытылатын білімді білім дей аламыз ба әлде ол жай оқылған ақпарат па? Немесе сабақ үстінде оқытушының қойған сұрағына «Chat gpt» мен дайын жауаптар іздеу қаншалықты дұрыс болмақ? Жастар ойланудан да қалған ба? Негізінде қазіргі жастарда ғажап мүмкіндіктер бар, қай кітапты іздесе де pdf форматында ғаламтордан тауып алуға болады, оны ксерокстап отырмайды, телефоннан немесе тіпті сатып ала салуға да болады. Сабақ үстінде оқытушының әрбір сөзін жаттап қалу немесе жазып қалу қажеттілігі де жоқ, оқытушы лекцияны файл арқылы жібере алады немесе студент диктофонға жазып алу мүмкіндігі бар (оқытушы рұқсатымен). Кез-келген түсінікіз тақырыпта қосымша мәліметтер табу мүмкіндігі, тіпті басқа тілдерде де, әлемдік зерттеулермен танысып, тақырып аясындағы талдауларды қарап сабақты түсіну пайызын көбейтуге болады, оқимын деген студентке қандай ғана мүмкіндіктер бар екенін жастар түсінсе ғой. Сондай мүмкіндіктерді пайдаланғанның орнына біздің жастар сабақ үстінде телефонда отырғаны, әлеуметтік желі қарап отырғаны, бүкіл білімін, когнитивті ойлауын, сыни ойлау шеберлігін тежеп жатқанын түсініп жатыр ма екен? Содан желіден көрген әр бейне ақпаратқа сеніп, ел ішінде бүлік шығаратындары да бар. Желіде кім нені насихаттап жатқанына синтез жасай алмайды, қалай жасайды, сыни ойлауы қалыптаспаған болса. Әсіресе бұл қауіп енді өсіп келе жатқан ұрпаққа қауіпті.

Жалпы соңғы кездері қазақстандық жастар арасында білім алу құндылығы азайып бара жатқандай, әлеуметтік желінің тағы бір насихаты ол «бақытты әрі сәтті өмірдің кілті- ақшада». Жастар – қоғамның өзіндік құндылықтар жүйесі әлі де дамып келе жатқан бөлігі. Бұл жүйе негізінен айналасында болып жатқан оқиғаларға байланысты. Ал оның айналасы «ақша-ақша» деп жатса, бақыттың кілті ақшада деген ой қалыптаса бастайды, ол ақшаны табуды ең оңай жолы – өзін әлеуметтік желіге паш ету, яғни, блоггинг. Чоу мен Эдж [14] жақында Facebook қолданушының студенттердің басқа адамдардың өмірін қабылдауына ықтимал әсері туралы мақала жариялады. Юта штатының университетінің 425 бакалавриат студенті арасында жүргізілген зерттеу Facebook қолдану қатысушылардың басқа пайдаланушылардың бақыттырақ деген әсерімен, сондай-ақ «өмір әділ емес» деген сезімімен байланысты екенін көрсетті. Басқаларды бақыттырақ және табыстырақ деп қабылдау міндетті түрде депрессияға әкелмейді. Дегенмен, депрессиялық бейімділігі бар адамдарда, сондай-ақ басқа

психиатриялық қатар жүретін ауруларда бұл психикалық денсаулыққа одан әрі теріс әсер етуі мүмкін [15]. Бірақ бақыт расымен ақшада ма? Біздің ата бабаларымыз солай өмір сүрді ме? Ұлттық құндылықтарымыз рухани байлықты насихаттады ма әлде материалды ма?

Әрине бұл талдау сыни болғанымен, бұл біздің ұялы телефондарды тастайық, қайта тас дәуіріне қайтайық деген сөз емес. Біз ол дәуірге орала алмаймыз да, тек дұрыс бейімделе алу керек. Қазіргі таңда ЮНЕСКО деңгейінде экологиялық және техногенді мәселелер маңызды орын алуда. Экологиялық мәселелер адамзаттың табиғатпен байланысын үзіп алғанының кесірінен осындай жағдайға жеткеніміз. Қазіргі таңда жаһандық деңгейде ғаламшарымыздың солып бара жатқаны ешкімге құпия емес. Ал ендігі техногенді мәселелер адамзаттың технологиялармен байланысын тым жақын етіп алғанынан. Бірақ бұның да аз уақыт ішінде соншалық терең проблемаға айналғаны таңғалдырады. Тоффлер «Футурошок» еңбегінде: «Адамның психикасы технологияға бейімделе алмайтын уақыт келеді» [16] деген болатын, таңғалдыратыны да осы адамзат бейімделе алды, бірақ қандай жолмен? Өкінішке орай, “өзін құрту, жою” арқылы, адами қасиеттерімізден айырылып, сана сезімімізді өзгелерге билетіп қойдық. Біз технологияларға үйренгенімізбен, өзіміздің жағдайымыз ауыр халге түсті. Адамдарды жоқшылық емес, тоқшылық құртады деген осы емес пе? Қарапайым тұрмыстық қиындықтарды көрмеген жастар өздерін немен айналысуын білмейді. Біздің ата анамыздың бұлай қол құсырып отыруға уақыты да болмаған еді, біздің қазіргі кірімізді де, ыдысымызды да өздері жуған, біз сияқты бәрін дайын аппараттарға салып, соны да алуға ерінетін заман емес еді оларда.

Әрине жоғарыда айтып кеткендей ұялы телефондарды мүлде өмірімізден үзіп тастау бүгінгі таңда енді мүмкін емес. Бірақ оны сапалы пайдалану біздің қолымызда. Ақпараттық гигиена сақтау маңызды, кімнің өмірін қарайсыз, қандай мәлімет оқисыз, қандай контент қабылдайсыз бәрін сұрыптауға болады. «Скрол» арқылы түскен барлық ақпаратты жұта бергеннің орнына, миында жеке сұрыптай алатын механизм қалыптастыру керек. Ақпараттың ақиқаттығына күмән тұдыра білу, сыни ойлауды қалыптастыру маңызды.

Қазіргі таңда жастар арасында өзін-өзі табу мәселесі белең алуда, адамдардың басты мәселесі олар өзіне жалығуға мүмкіндік бермейді. Бос уақыты шыға салысымен бір видео, музыка немесе желіге кіре салады. Адамдар бірінші қолына ұялы телефонды алады, сосын «не үшін алдым?» деген сұрақ қояды. Жас ұрпақ өзін табу үшін бірінші өзіне зейін қою керек, адам жалыққанда ғана өзіне мағыналы сұрақтар қоя бастайды. Артынша ол сұрақтардың жауабын ойлауға да уақыт беру керек. Ал бізде оған да уақыт жоқ, 2 сағаттық подкаст, 240 видео, біреулермен бос сөйлесу жастар арасында кеңінен таралуда. Адам өзімен қалған кезде өмірдің мәнін іздей бастайды. Біздің жастар жалғыз қалудан қорқады, себебі сұрақ көп, жауап аз. Өзінен қашу үшін әлеуметтік желіге кіре салу оңай емес пе? Сондықтан өздеріне экрандық уақытқа лимит қоя білу, дисциплина ең маңызды қабілеттердің бірі. Тәртіп – бұл бүгін қаламаған істі істеу арқылы, ертең қалаған өмір сүру үшін жасалған әрекеттер дегенді білдіреді. Экраннық уақытқа лимит қоюды әдетке айналдыру керек, қазіргі таңда телефонның өзінде арнайы функциялар орнатылған “экраннық лимит”. Сонымен қатар арнайы қосымшалар пайда болған “Forest”, “Pomodoro” сынды, оларды қосқан кезде сіз ұялы телефонды пайдалана алмайсыз. Іздеген адам жан-жақтан шешімдер таба алады.

Бүгінгі біздің талдау негізінен шетелдік зерттеулерге сүйенгенін байқауға болады. Бұл тақырып өзекті болғанымен отандық зерттеушілердің әлі толық тақырып аясын зерттей алмағанын көрсетеді. Біздің де алға қойған мақсатымыз осы мәселені ашық айтып, насихаттау. Елімізде бұл мүлде көтерілмеген немесе зерттелмеген деген сөз емес. Бұл мәселе жинақталмаған, отандық мектептер жеке өз тәжірибесінде ұялы телефондармен және әлеуметтік желілермен күресу жолдарын жүзеге асыруда. Тек соларды бір жинақтап қорытынды шығарса, ол қалған мектептерге үлгі болар еді. Астана қаласындағы Әлкей Марғұлан атындағы №40 мектеп лицейінің тәрбие қызметшісімен сұхбаттасу барысында келесідей ақпарат алдық: “Мектепте жиі оқушылармен және ата-аналармен әлеуметтік желі және ұялы телефондардың зияны жайлы жиналыстар өткізіледі. Ата-анамен жиналыстар маңызды орын алады. Мектепке ұялы телефондарды алып келмеу мәселесін көтеріміз. Алып

келген жағдайдың өзінде сынып жетекшісіне тапсыруға міндетті. Тек асханаға барамын дейтін оқушыларға қоңырау кезінде беруге рұқсат, артынан қайта тапсырады. Бұл оқушылардың сабақ үстінде зейінін тек сабақта болуын қамтамасыз ету үшін жасалды. Себебі сабақ үстінде телефон ұстап отыру, білім алу сапасына әсерін тигізуде, сабақ барысында ойын ойнау немесе әлеуметтік желі қарау жағдайлары жиі байқалды, сонымен қатар біздің оқушылардың қоңырау кезінде балалық жасап дәретханада бірін бірі түсіріп әлеуметтік желіге салып жіберу жағдайлары болғандықтан дереу мәселені шешу керек болды, өйткені бұл баланың психикасына өте қауіпті әсер ететіні түсінікті. Сонымен қатар ұялы телефондарды жоғалту жағдайларын да жиі орын алғандықтан оларды жалпы жинап тастау шешіміне келдік”. Бұл мектептің тәжірибесі кішкентай қадамдар болса да, үлкен нәтиже беретініне сенімдіміз. Осындай тәжірибелердің нәтижесін шығарып, анализ жасап басқа мектептерге енгізу өсіп келе жатқан ұрпақтың қалыптасуында маңызды орын алар еді. Сондай бір анализдің шет жағасын айтсақ: мектеп қызметкерінен бұл режимді енгізуде қандай қиындықтар орын алуда деген сұраққа: “кейбір ата-аналардың қарсылығы, заңсыз деп айыптауы немесе оқушылардың алдап “муляж” телефондарды тапсыруы орын алады” деген болатын. Бұл нені көрсетеді? Біздің халық өзін өзі алдауда, біздің сана сезіміз әлеуметтік желілердің қауіптерін көрмейді, тіпті “мен тиктоктан пайдалы ақпарат қараймын” деуге де барамыз. Сонымен қатар ата-ананың жауапкершілік сезінбеуін байқауға болады, тіпті көптеген отбасыда болатын жағдай: әкесі немесе шешесі телефон жайлы ұрысқанымен өздерінің жиі пайдадануы. Балаға сөзбен айтқаннан гөрі өзінің бейнесімен үлгі болу маңыздырақ, әкесінің “кітап оқы” деп ұрысып, өзі телефонда отырғаннан жағдай ешқашан өзгермейді, ал егер өзі кітап оқып үлгі бола білсе, баласы өзі-ақ уақыт өте келе кітапқа қызыға бастайды. “Баланы емес өзіңді тәрбиеле” деген атам қазақ.

Біздің зерттеуіміз әлеуметтік желілерге белсенді қатысу, шамадан тыс пайдалану жастардың стереотиптік ойлауын қалыптастыруға, сыни ойлау қабілетіне ықпал ететінін растайды. Сондықтан бұл мәселенің тағы бір шешімі ретінде “қазақша ғылыми контентті” қалыптастыруға аяқ басу керек. Академиялық алаңда қазақша ғылыми ақпарат өте шикі түрде және тек жазбаша екенін байқауға болады. Бірақ қазіргі жастардың қабылдауы негізінен визуалды екенін ескере отырып, “YouTube” платформасында сапалы ғылыми контент түсіру бір шешім ретінде ұсынамыз.

Дегенмен, әлеуметтік желілер ақпарат алмасу, қарым-қатынас және оқу үшін бірегей мүмкіндіктер беретінін мойындау керек. Стереотиптердің әлеуметтік желілердегі теріс әсерін тиімді жеңу үшін білім беру мекемелерінің, ата-аналар мен қоғамның бірлескен күш-жігері қажет. ХХІ ғасырда әлеуметтік желілер жастар өмірінің ажырамас бөлігіне айналды, бірақ сонымен бірге біз рухани құндылықтарды жоғалтып, қоғамда агрессия, надандық әрі дөрекіліктің күшеюіне тап болдық. Әлеуметтік медиа – бұл бұқараның тұтуы алаңы. Жастардың дүниетанымының қалыптасуына әсер ететін әлеуметтік желідегі үгіт-насихат және сөйлеу жауапкершілігін ешкім өз мойнына алмайды, олардың авторы жоқ. Жауапкершілікті ендігі кезекте тек тұтынушы сезіну керек. Қазақстанның жас мемлекет ретінде одан әрі дамуы үшін жастардың рухани дамуына көңіл бөліп, цифрлық ақпарат дәуірінде құндылықтарымызды сақтаудың жолдарын іздеп жүзеге асыру маңызды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Андрей Курпатов. Социальный мозг. Видеолекция. Электронды ресурс. - URL: <https://www.kurpatov.ru/>
2. Aidan. Brotherhood. Are You Paying Attention? How TikTok Is Rewiring Your Brain for Distraction. URL: <https://www.linkedin.com/pulse/you-paying-attention-how-tiktok-rewiring-your-brain-aidan-brotherhood>
3. Gaming disorder <https://www.who.int/standards/classifications/frequently-asked-questions/gaming-disorder>
4. International Classification of Diseases 11th Revision. URL: <https://icd.who.int/en>

5. Samson Tse, Alex C.H. Yu, Fiona Rossen, Chong-Wen Wang. Examination of Chinese Gambling Problems through a Socio-Historical Cultural Perspective. The Scientific World JOURNAL, (2010). № 10. – p.1694–1704.
6. Greg Miller What's Up With That? Phantom Cellphone Vibrations. URL: <https://www.wired.com/2014/09/whats-phantom-cellphone-vibrations/>
7. Robert Norman. The Science of How and Why Phantom Vibration Occurs, URL: <https://www.linkedin.com/pulse/science-how-why-phantom-vibration-occurs-robert-norman>
8. Андрей Курпатов. Видеолекция. Недостаточность в современном изобилии. Почему все время мало? URL: https://youtu.be/HT4gWD-6baE?si=1oENPK_wBPSF0hZm
9. Overcoming the Delayed Life Syndrome: Is It Possible in the IT World? Illia Shaptala. URL: <https://www.linkedin.com/pulse/overcoming-delayed-life-syndrome-possible-world-ilya-shaptala-9ppaf>
10. Ten Takeaways From The Book "Outliers" by Malcolm Gladwell Jack Kelly. URL: <https://www.linkedin.com/pulse/ten-takeaways-from-book-outliers-malcolm-gladwell-jack-kelly>
11. Salvi V, Migliarese G, Venturi V, et al.. ADHD in adults: clinical subtypes and associated characteristics. Riv Psichiatr 2019;54:84–89. [PubMed] [Google Scholar].
12. Schiller J. Average Human Attention Span by Age: 31 Statistics // Retrieved February. – 2022. – Т. 9. – С. 2023.
13. 21-й век: “Галактика Цукенберга” vs “Галактика Гутенберга”. URL: <https://news.tsu.ru/projects/word-to-the-rector/21-y-vek-galaktika-tsukerberga-vc-galaktiki-gutenberg/>
14. Научный аккаунт ученых. URL: <https://www.researchgate.net/profile/Grace-Chou>
15. Pantic I. Online social networking and mental health //Cyberpsychology, Behavior, and Social Networking. – 2014. – Т. 17. – №. 10. – С. 652-657.
16. Т.Носакова. Футурошок современного общества в контексте концепции Э.Тоффлера. URL: https://elar.rsvpu.ru/bitstream/123456789/31705/1/978-5-8295-0716-9_2020_055.pdf

УДК 303.83

ҚАЗАҚ ТЕАТРЫНЫҢ ДАМУЫ МЕН ҚАЛЫПТАСУЫ: МӘДЕНИ- АҒАРТУШЫЛЫҚ ІЗДЕНІСТЕР

Курмашева Агжан Канатовна

akzhan.kurmasheva@mail.ru

Л.Н.Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті «Мәдениеттану» білім
бағдарламасының магистранты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Р. Кемербай

Қазақстанның мәдениет тарихында театр ерекше орын алады. Мақалада қазақтың өткен тарихына көз тастап, төл тарихын түгендеу барысында сахнадағы қойылым оның сыртындағы қоғамның үнін жеткізу, сол арқылы көрерменіне ой тастап, адам жанын жақсылыққа баулу түсінігі туралы айтылады. Қойылымдағы шығармалар арқылы ұлттық рухқа, махаббат хикаялары арқылы адалдыққа, нәзіктікке, сезімталдыққа, әлеуметтік драмалар арқылы бауырмалдыққа, жаңашылдыққа құштарлықты оятуға тырысады. Сонымен қатар қазақ театрының қалыптасу кезеңдері сөз болады.

Түйін сөздер: мәдениет, өнер, театр, сахна, актер, драма.

«Жалпықазақстандық мәдениетті дамытуға жаңаша серпін берген жөн. Мәдени саясаттың ұзақ мерзімді тұжырымдамасын әзірлеу қажет. Онда қазақстандықтардың бәсекеге қабілетті мәдени ментальдігін қалыптастыруға, заманауи мәдениет кластерлерін дамытуға бағытталған шаралар белгілеу керек» деп елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтпақшы театр өнері - қазіргі халық өнеріне табиғи енген өзімен бірге өсіп, бірге қалыптасып келе жатқан ұлттық